



**БҰЙРЫҚ**

*2021 жылғы 11 мамыр*

Қарағанды қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *346*

город Караганда

2020 - 2021 оқу жылының  
аяқталу және орта білім беру  
ұйымдарында білім  
алушыларды қорытынды  
аттестаттаудан өткізу  
мерзімдерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 14) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2020 - 2021 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 05 мамырдағы № 203 бұйрығын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері белгіленсін:

1) меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы - 2021 жылғы 25 мамыр;

2) 9 (10) сыныптың білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2021 жылғы 28 мамыр – 5 маусым аралығында;

3) 11 (12) сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары – 2021 жылғы 1 - 10 маусым аралығында.

2. Қорытынды аттестаттау өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) қазақ/орыс (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2021 жылғы 28 мамыр;

2) математика (алгебрадан) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2021 жылғы 2 маусым;

3) орыс тілінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) - 2021 жылғы 5 маусым;

0001035

11 (12) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) қазақ/орыс (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2021 жылғы 1 маусым;

2) алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2021 жылғы 4 маусым;

3) Қазақстан тарихынан тестілеу – 2021 жылғы 7 маусым;

4) орыс тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен тестілеу – 2021 жылғы 10 маусым.

3. 9 (10), 11 (12) сыныптардың білім алушыларын қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып, 2021 жылғы 11 – 19 маусым аралығында өткізіледі.

4. Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білім олқылықтарының орнын толтыру мақсатында ата-аналардың немесе заңды өкілдерінің өтініші бойынша барлық ниет білдірген білім алушылар үшін оқытуды 2021 жылғы 19 маусымға дейін жалғастыру қажет.

5. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және жалпы орта білім беру бөлімі

(Нұрсұлтан Г.Е.) және Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу әдістемелік орталығы (Абдикерова Б.Х.):

аудандық, қалалық білім бөлімдерінің жалпы орта білім беру ұйымдарының 9 (10), 11 (12) сыныптарының білім алушыларына емтихан тапсырмаларының жіберілуі қамтамасыз етілсін;

6. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және жалпы орта білім беру бөлімі

(Нұрсұлтан Г.Е.), қалалық (аудандық) білім бөлімдерінің басшылары, облыстық білім беру ұйымдарының директорлары:

білім беру ұйымдарында 2020 - 2021 оқу жылын осы бұйрықтың талаптарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгі ережесіне сәйкес аяқтауды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім басқармасы басшысының орынбасары Б. Әдекеноваға жүктелсін.

**Қарағанды облысы  
білім басқармасының  
басшысы**



*Handwritten signature of G. Kozhmetova*

**Г. Қожахметова**